

1985-1994 жылдары туылған Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 наурыздағы N 71 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 12 сәуірде N 2088 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 шілдедегі N 277 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 30.07.2014 № 277 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27, 28, 29, 31-баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" N 274 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 274 Жарлығын іске асыру туралы" N 326 Қаулысына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Жергілікті атқарушы органдар тиісті жергілікті әскери басқару органдары арқылы 2012 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында он сегіз және жиырма жеті жасқа дейінгі, шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметін белгіленген мерзімінде өткермеген азаматтардың әскери қызметке шақырылуын ұйымдастырып, қамтамасыз етсін.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасау және бақылау үшін Алматы облысында шақыру

комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Талдықорған қаласының әкімі (Е.Алпысов) облыстық жинау пунктіне мерзімді әскери қызметке шақыру кезеңінде 5 (бес) техникалық қызметкерді б ө л с і н .

4. "Алматы облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесі (М.Дарманқұлов келісім бойынша) "Алматы облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және авариялар мен табиғи апаттардың алдын алу және жоюды ұйымдастыру басқармасы" осы қаулының орындалу барысы туралы көктемгі шақыру бойынша 2012 жылдың 20 шілдесіне дейін және күзгі шақыру бойынша 2013 жылдың 20 қаңтарына дейін хабардар етсін.

5. Облыс әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы "1984-1993 жылдары туылған Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскери қызметке кезекті шақыру туралы" N 51 қаулысының (2011 жылғы 08 сәуірдегі Алматы облысының Әділет департаментінде нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2069 нөмірімен енгізілген, 2011 жылғы 16 сәуірдегі N 48 "Жетісу" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Аамандық Ғаббасұлы Баталовқа жүктелсін.

7. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А л м а т ы о б л ы с ы н ы ң

әкімі

А. Мұсаханов

КЕЛІСІЛДІ:

О б л ы с ә к і м і н і ң

бірінші орынбасары
28 наурыз 2012 жыл

Аамандық Ғаббасұлы Баталов

орынбасары
28 наурыз 2012 жыл

О б л ы с ә к і м і н і ң
Тынышбай Досымбекұлы Досымбеков

орынбасары
28 наурыз 2012 жыл

О б л ы с ә к і м і н і ң
Серік Мейірханұлы Мұқанов

орынбасары
28 наурыз 2012 жыл

О б л ы с ә к і м і н і ң
Махаббат Садуақасұлы Бигелдиев

орынбасары	Облыс әкімінің	
28 наурыз 2012 жыл	Серік Мелісұлы Тұрдалиев	
аппаратының басшысы	Облыс әкімі	
28 наурыз 2012 жыл	Бағдат Әбілмәжінұлы Қарасаев	
басқармасының бастығы	Облыстың қаржы	
28 наурыз 2012 жыл	Сырым Қасымұлы Қасымов	
басқармасының бастығы	Облыстың экономика және	
28 наурыз 2012 жыл	бюджеттік жоспарлау	
	Нәфиса Төлекқызы Сатыбалдина	
департаментінің бастығы	Облыстың ішкі істер	
28 наурыз 2012 жыл	Жайлаубек Халықұлы	
бөлімінің меңгерушісі	Облыс әкімі аппаратының	
28 наурыз 2012 жыл	заң, мемлекеттік құқық	
	Рустам Төлендіұлы Қалиев	
жалпы бөлімінің меңгерушісі	Облыс әкімі аппаратының	
28 наурыз 2012 жыл	Гүлнар Әсемғалиқызы Әукенова	
Алматы	облысы	әкімдігінің
2012 жылғы	28	наурыздағы
"1985-1994	жылдары	туылған
Қазақстан		Республикасының
азаматтарын	2012	жылдың
сәуір-маусымында	және	қазан-
желтоқсанында	кезекті	мерзімді
әскери	қызметке	шақыру
туралы "	N	71
қосымша		қаулысына

**Алматы облыстық шақыру комиссиясының
ҚҰРАМЫ**

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Алматы облысы әкімдігінің 2012.09.24 N 293 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Комиссия А.Ф. Баталов	төрағасы:	Облыс орынбасары	әкімінің	бірінші
Комиссия М.Е. Дарманқұлов	төрағасының орынбасары:	Облыстың жөніндегі бастығы	қорғаныс	істері департаментінің
Комиссия мүшелері:				
Асқар Шахатұлы Шайхин		Облыстың департаменті бастығының орынбасары	ішкі	істер
Майра Әбдіхалыққызы Егембердиева		Облыстың басқармасының орынбасары	денсаулық	сақтау
Гүлшат Жақанқызы Жетімова		"Облыстық жүргізу мемлекеттік кәсіпорынның облыстық комиссиясының хатшысы	аурухана"	шаруашылық құқығындағы коммуналдық медбикесі, медициналық

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК